

БӨЛІМ: БИОЛОГИЯ

«Табиғатым - тал бесігім»

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.04.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/55914/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Тақырыбы: «Табиғатым — тал бесігім»

Мақсаты:

Оқушылардың санасына қоршаған ортаға туған өлке табиғатына деген сүйіспеншілікті және табиғат құбылысында болатын жағдайлар туралы түсінік қалыптастыру.

Туған жерді, қоршаған ортаны сүйе, қорғай білуге тәрбиелеу.

Шығармашылық қабілеттерін жақсылық жасай білу іскерліктерін, ойлау қабілетін дамыту, өз ойын еркін жеткізе білуге дағдыландыру.

Керекті құрал – жабдықтар мен көрнекіліктер: «Табиғатты қорғайық, аялайық», «Қазақстан қорықтары» видеолары, суреттері, мультимедия кешені, видеотаспа және т.б
Тәрбие сағатының барысы:

1.Ұйымдастыру кезеңі оқушылармен амандасу, түгендеу, сабақтың тақырыбен таныстыру

I. «Танысу» аялдамасы. Глобусты бір – біріне бергенде өзінің аты – жөнін және немен айналысқанды ұнататындарын және болашақта қандай мамандық иесі болғылары келетіндерін айтады да келесі оқушыға береді. Глобусты ұстап айтуды мұғалім өзінен бастайды.

Сол кезде оқушылардың Жер шарын қалай ұстағанға мән береді. Глобус мұғалімге қайтып келгенде, «Біз жерде өмір сүреміз. Бәріміз ата- ана үшін, оқу үшін, болашақ үшін жауап береміз, ал Жер үшін жауапкерлікті сезінеміз бе? Оның өсімдігімен, топырағымен, ауасымен, қалаларымен не болып жатқанын білеміз бе? Әркім осы жерде өзінің ізін қалдырады. Сендер әлі оқушысыңдар, болашақта Қазақстанның белгілі де, білімді азаматы болсаңдар сендерде еліміздің дамуына үлес қосады деп сенемін!

2. Енді «Киностудио» аялдамасына келеді.

«Табиғатты қорғайық, аялайық » фильмін көру.

3. «Ой шақыру» аялдамасы.

«Табиғатты қорғайық, аялайық» фильмін көріп, оқушылар өз ойларын айта келіп,

табиғатты ластамаудың жолдарын, табиғатты сақтап қалу үшін өздері қандай игі істер жасай алатындарын баяндайды. « Табиғат байлықтарын дұрыс игермеу неге әкелді?», «Адамзаттың әдейі жасалған қастандықтарының соңы неге әкеп соқтырды ?» — деген сұрақтарға жауап береді.

4. «Ұлттық – тәлім тәрбие» аялдамасы.

Ойын «Мақалдың жалғасын тап»

Табиғат — тал (бесік.)

Жері байдың елі (бай.)

Ағын су өлмейді,
Асқар тау өлмейді,
Ай мен Күн өлмейді,
(Қара Жер өлмейді).

Батыр туса — ел ырысы,
(Жаңбыр жауса — жер ырысы.)

Бір тал кессең, (он тал ек).

Бұлақ көрсең, (көзін аш).

Судың да (сұрауы бар).

Көлдің көркі — құрақ,
Таудың көркі – (бұлақ).

Ақыл басқа бітеді, қына (тасқа бітеді.)

Дәрі шөптен шығады, дана — (көптен шығады.)

5. «Қорықтар» аялдамасы

Қазақстанның қорықтары жайлы видео көрсету.

6. Білімділер аялдамасы

Лездік сұрақтар:

Қазақстанның табиғатын қорғау үшін қандай іс-шаралар қолданылады?

Елімізде қорықтардың жалпы саны қанша?

Қорықтардың атауларын кім біледі?

Қызыл кітап қандай мақсатта басылып шыққан?

Қызыл кітапқа енген жануарлар не болмаса өсімдіктерді кім біледі?

Қазақстанның қызыл кітабы ең алғаш қай жылы басылып шықты?

Қазақстанда өсімдіктерге арналған қызыл кітаптың екінші басылымы қай жылы жарық көрді?

Кітаптың түсі неліктен қызыл деп ойлайсындар?

7. «Болашақ» аялдамасы

Біздер Қазақстанның табиғатының болашағы үшін не жасай аламыз?

Постер қорғау, сурет салу

3.Қорытынды

Тәрбиеші сөзі:

Адам табиғатқа мейірімділікпен, сүйіспеншілікпен, қамқорлықпен қарап, үйлесімділік сақталғанда, адамзат баласы үшін

табиғат – кең сарай мәңгі тозбас құтты қоныс болатынын ешқашан ұмытпайық!

«Таза болса, табиғат

Аман болар адамзат!» деген Ф. Оңғарсынованың сөзімен бүгінгі тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.

Тәрбие сағатының анықтамасы

23.11.18 күні «Табиғатым – тал бесігім» атты тәрбие сағаты өткізілді.

Сабаққа 7 және 10 сынып оқушылары қатысты. Оқушылар сабақта өте белсенді болды. Қойылған сұрақтарға жауап беріп, тапсырмаларды ынтамен орындауға тырысты. Сабақта видеороликтер көрсетіліп, оқушылар жақсы әсер алды. Видеороликте еліміздегі қорықтар және сирек кездесетін, жойылып кету қаупі төніп тұрған жануарлар мен өсімдіктер туралы баяндалды. Табиғаттың қазіргі таңдағы жағдайы, экологиялық ахуалы сөз болды. Оқушылар өз ойларымен бөлісе отырып, суреттер салды. Тәрбие сағаты өте қызықты өтті.

Сабақты жүргізген: биология пәнінің мұғалімі

Мукашева А.Ж.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.